


# Бизнес орта мен үрдістерге шолу

2023 наурыз

## Сын-қатерлер мен проблемалар өрмегі



## Басты үрдістер:


Тәуекелдердің ауқымы кеңейіп, қауіп-қатер рейтингі өзгерді. Қазір оны **қаржылық ахуалдың мүмкін болар тұрақсыздығы бастап тұр**. Тәуекелдердің құрамдас бөліктерін бағалау соншалықты жабырқаңқы емес:

- инфляция мен оның болжамдары төмендеп жатыр
- тізбектер қалпына келуде
- жиынтық сұраныс АНС тежеуші саясатына қатысты өзінің төзімділігін, тұрақтылығын танытты
- тұрақтылық үшін күрес салдарынан қосымша шошытарлық жайттар орын алуы мүмкін

!АҚШ пен ЕО банк жүйелеріндегі мини-дағдарыс экономикалық белсенділікті тежеуі мүмкін.

! АҚШ-тың 3 айлық қазыналық вексельдерінің ағымдағы табыстылығы мен олардың 18 айдан кейінгі табыстылығы арасындағы спрэд 134 п. инверттелді. Бұл **экономиканың әлсіздігін білдіреді**.

# Сыртқы шарттар және олардың ықпалы




# Қазақстан экономикасының келешегі



Дереккөз: расчеты Jusan Analytics есептеулері

# 2023 наурызына қарасты сыртқы факторлар

Қазақстан мен АҚШ арасындағы CDS спреді



**CDS спреді – инвесторлардың тәуекелдерді бағалау көрсеткіштері**

Бұл Қазақстанның 10 жылдық мемлекеттік облигациялары мен АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік облигациялары арасындағы айырмашылық


**Инвесторлардың Қазақстан экономикасын қалпына келтіру бойынша позитивтік сенімі**

**Спредтің мәні 2022 жылдың басындағы деңгейге оралды**

**Халықаралық қарыздар үшін қолайлы жағдайлар**

**Қазақстанның инвестициялық әлеуетінің жақсаруы**

ЖІӨ нақты өсімі, %



**2023-ке болжамдар:**  
**4.0 ▲ - 4.5% ▲**

ЖІӨ ұзақ мерзімді өсімі: **3.6-3.8%**


### Факторлар

- қазыналық ынталандырулардың ауқымды бола түсуі
- инвестициялық белсенділіктің өсуі
- тау-кен саласының тұрақталуы
- бағалық қысымның біртіндеп әлсіреуі
- еңбек нарығының дамуы және жаңа өндірістердің ашылуы

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

# Экономиканың қызуының артуы немесе тежелуі

Экономикалық өсімнің өзінің әлеуеттік деңгейінен ауытқуы, %



2023 жылға болжамдар:

Экономика мына себептерге байланысты **қызу аймағында болады**

- қазыналық ынталандыруды кеңейту;
- мұнай өңдеуді арттыру есебінен экспорттың артуы және жеткізушілердің мәселесін шешу;
- негізгі капиталға жұмсалатын инвестицияның өсуі;
- жоғары тұтынушылық несие беру қарқынының сақталуы

Шығарылымның оң алшақтығын мына жайттар көрсетеді:

- + бизнес тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныс;
- инфляциялық қысымның сақталуы;
- базалық мөлшерлеменің жоғары мәнін қолдау;
- + ЖІӨ өсімі мен іскерлік белсенділіктің жоғары мәні

# Қазыналық саясат



## 2022 жылғы қазыналық саясат:

- Әлеуметтік салаға барлық шығыстардың 55%-ы бағытталды
- шығыстардың 5%-ы өндірістік сектордың дамуына жұмсалды
- борышқа қызмет көрсету шығыстарының үлесі 6.3%-ға дейін өсті
- қарсы циклдық бюджеттік ережені бекіту

## Наурызда 2023 жылға арналған бюджет қайта қаралды:

- бюджеттің кірісі 1.8 трлн теңгеге көтеру жағына қарай қайта қаралды;
- Ұлттық қордан түсетін трансферттер 800 млрд теңгеге көбейді;
- бюджет шығысы 2 трлн теңгеге өсіп, ол өңірлердің, а/ш, нақты сектор мен әлеуметтік саланың дамуына жұмсалады


**Нәтижесінде бюджет тапшылығы -2.7% деңгейінде сақталады**



# Негізгі капиталға инвестиция

## Бизнестің сұранысы

Негізгі капиталға инвестиция, ж/ж %



2023 жылдың қаңтар-ақпанында негізгі капиталға жұмсалған инвестиция 1.6 трлн теңге құрады (ж/ж+19.2%).


Құрылыс өткен жылдың жоғары базасы аясында төмендеп жатса, өнеркәсіп саласында **белсенділік арта түсуде**

### 2023 жылға болжамдар:

- Инвестициялық белсенділіктің қалпына келуі
- бизнеске арналған ұзақ мерзімді қарызға деген сұраныстың артуы
- бизнестің инвестициялық белсенділігінің артуы – жабдықтарды сатып алу тарапынан бағам мен импортқа түсетін қысымның артуы

# Инфляция және халық табысы

Инфляция және халықтың нақты ақшалай табыстары, ж/ж %



2023 жылға болжам: инфляция инфляция 12.4 ▼ - 14.3%-ға ▼ дейін төмендейді

- әріптес-елдерде инфляция бәсеңдейді;
- азық-түлік тауарларының әлемдік бағасы біртіндеп төмендейді;
- қатал монетарлық саясат өз нәтижесін береді.
- теңгенің тұрақты бағамы.

ҚРҰБ инфляция бойынша болжамдары:

2023 жылы 9-12% ▼ ,  
2024 жылы 6-8%,  
2025 жылы 4-6%.


ҚРҰБ сауалнамасы бойынша бизнес өкілдерінің болжамы:

2023 жылы - 12.2% ▲ , 2024 жылы - 8.8%, 2025 жылы - 7.2%

Жыл басында атаулы табыстарды индекстеу есебінен халықтың нақты табысы қайта қалпына келді

# Инфляциялық қысым

Бағалардың өсу қарқыны, а/а, %




## Инфляциялық орта:

- базалық бағалық қысым өзінің өсу үрдісін сақтайды
- халықтың болжамы төмендеуде, бірақ әзірге тұрақтылық жоқ
- АНС өзгеруіне қарай бағалардың әртекті болуы және қазыналық ынталандырулардың кезекті толқыны экономикада **тұрақты инфляциялық ахуалдың сақталуына** негіз болады.

# Халықтың сатып алу қабілеті

**2023 ақпанында JA Дастархан индексі\***  
(порциялар саны)  
жақшада 2022 мамырымен салыстырғандағы айырмашылық




\*Астана мен Алматы бойынша Jusan big-data деректері, ал қалған өңірлер үшін ресми статистика деректері қолданылды  
Дастархан индексі ұлттық тағамдар топтамасы аясында қолданылатын танымал азық-түлік өнімдері негізінде жеке инфляцияны есептеп шығаруға мүмкіндік береді.

Дереккөз: Jusan big-data, ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

# Монетарлық саясат

## Инфляциялық болжам және базалық мөлшерлеме\*, %



\*Графикада түспен мына жайттар атап өтілген:

■ ынталандырушы монетарлық шарттар

■ тежеуші монетарлық шарттар

Дереккөз: ҚРҰБ, Jusan Analytics есептеулері

## ҚРҰБ жоғары инфляция бойынша әрекеті


- ҚРҰБ сұраныстың шектелуін қолдайды
- базалық мөлшерлеменің өткен жолғы сақталуы «қаршығалық» ұстанымды көрсетеді
- жоғары мөлшерлеме бағамға айтарлықтай позитивтік ықпал етеді
- ҚРҰБ инфляциялық қысымды көтеретін төмен фискалдық тәртіпті есепке алады

## Нарыққа және экономикалық агенттерге белгі беру

- базалық мөлшерлеме биылғы жылдың алғашқы жартысында 16.75% деңгейінде болады және орташа мерзім ішінде біртіндеп төмендейді.
- мөлшерлемелердің тартымдылығы және нарықтың МБҚ сатып алуға арналған бағалардың тартымдылығы жоғары базалық мөлшерлеменен қамтамасыз етіледі
- нақты пайыздық мөлшерлеме оң сипатта болады, бұл бағалардың біртіндеп қарыштап қымбаттағанға дейінгі кезеңге оралуының бір белгісі

# Айырбас бағамы

Теңгенің долларға қатысты айырбас бағамының серпіні



\* **қызыл түс** бағамға артық қысым түсіріліп жатқанын білдіреді  
**жасыл түс** нарықта валюта ұсынымы жоғары екендігін көрсетеді

Дереккөз: ҚРҰБ, Jusan Analytics есептеулері

## Ақпанда айырбас бағамының нығаюы

Себеп:

- мұнай бағасы жоғары
- жаңа девальвациялық болжам
- ішкі факторлардың әсері (салық аптасы)

**2023 жылдың сәуірінің соңына болжам - бір доллар үшін 456-466 теңге**

Қолдайтын жайттар:

- базалық мөлшерлеменің сақталуы
- инфляцияның төмендеуі

Қысым:


- мұнай нарығындағы тұрақсыздық
- доллардың ғаламдық нығаюы
- тәуекел-тәбеттің төмендеуі

**2023 жылдың соңына жасалған болжам – бір доллар үшін 464-477 теңге**

**Пессимистік болжам: мұнай бағасының құлдырауы, басқа да жағдайлардың нашарлауы – бір доллар үшін 508 теңге**

# Несие беру

Экономиканы несиелендіру ай сайынғы бөліністе, млрд теңге




Кредиттік портфель – **24.7 трлн теңге -0.3% а/а**  
Қаңтарда берілген кредит – **1.7 трлн теңге +28% г/г**

Кредит беру құрылымы:

- тұтынушылық – **39%**
- айналым қаражатын толықтыру – **32%**
- құрылыс және ипотека – **5%**
- басқалар – **24%**

Банк жүйесінде кредит беру әлеуеті, %



Несие беруді кеңейту әлеуетінің бар екендігіне қарап, наурыз-мамыр айларында несие берудің өсетіндігі күтіледі

Дереккөз: ҚРҰБ, Jusan Analytics есептеулері

# Кредит беру шарттары

## Әлеует

Көрсеткіштер	қаңтар	Оптималды деңгей	а/а
Өтімді активтердің үлесі	40.5%	25%	-0.3 п.т.
Теңгелік кредиттер/депозиттер	104.9%	100%	+5.7 п.т.
Меншікті капитал /кредиттер	22.5%	24%*	+0.75 п.т.
Артық резервтер, трлн тенге *3 жыл ішіндегі орташа	4.2		-4%

**Банктердің өтімділік қоры жоғары, ол оптималды деңгейден айтарлықтай**

**Банктер кредиттік портфельді ұлғайтуға әлеуеттері жетіп артылады**

## Ағымдағы шарттар

Несие беру мөлшерлемесі	қаңтар	а/а	ж/ж
Заңды тұлғалар үшін	17.9	+0.9 п.т.	+6.4 п.т.
Жеке тұлғалар үшін	18.8	+1.4 п.т.	+1.1 п.т.
<i>Несие беру нысандары бөлінісінде</i>			
Негізгі құралдарды сатып алу	18.3	+0.6 п.т.	+6.8 п.т.
Айналым қорлары үшін	17.8	-3.4 п.т.	+4.5 п.т.
Ипотека	10.6	+0.8 п.т.	+2.1 п.т.
Тұтыну мақсаттары	17.6	+0.4 п.т.	-1.5 п.т.

■ Көрсеткіштердің нашарлауы

■ Көрсеткіштердің жақсаруы


**Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі несие беру мөлшерлемесінің төмендеуіне кедергі келтіреді**

**Жоғары мөлшерлемелер жаңа қарыздар беру қарқынын тежейді. Бизнеске қарыздарға қызмет көрсетуге және жаңа қарыздар алу барған сайын ауырлай түседі.**



# Қарыздың орташа мерзімі

Тұтынушылық қарыздың орташа мерзімі, айлардың саны



## Қарыздың қаңтардағы орташа мерзімі

Тұтынушылық несиелер – 12 ай (+1.4 ай)

Айналым құралдарына арналған – 12 ай (+7.7 месяцев)

Айналым құралдарына берілетін қарыздың орташа мерзімі, ай саны




## Қарыздың орташа мерзімінің өсуі:

- **Бизнес:** қайта қаржыландыру бағдарламасы
- **Халық:** желтоқсанда сыйлықақы халықтың қарыздарын жабуға жұмсалған соң, тұтынушылық қарыздар бойынша әдеттегі мәндерге оралу

# Халыққа несие беру


Қазақстан (2023.01.03 қарасты): 13.4 трлн теңге, +0.9% (a/a)



Бір ай ішінде халыққа берілген несиелер көлемі 0.9%-ға өсті (ДК-сыз)  
Барлық өңірлерде халыққа кредит беру артып жатыр.

# Депозиттер

- Барлық өңірлерде халыққа кредит беру артып жатыр, млрд теңге



Ұлттық валютадағы депозиттер өзгерісі

Валюта бағамын қайта бағалаудың ықпалынсыз шетел валютасындағы депозиттердің өзгеруі

Депозиттер көлемі - 29.8 трлн теңге **-3% м/м**

## Құрылымы:

- жеке тұлғаларға тиесілі – 52%
- заңды тұлғаларға тиесілі – 48%

## Бір ай ішіндегі өсім:

- жеке тұлғалар **-0.1%**
- заңды тұлғалар **-5.2%**

## Факторлар:

- бағамдық қайта бағалау
- халыққа тиесілі қаражаттың валюталық депозиттерден теңгелік депозиттерге ойысуы

## Болжам:


мемлекеттік өтемақылардың есептелуі аясында наурызда халық депозиттері өседі

# Халыққа тиесілі депозиттер

Қазақстан (23.01.03): 15.4 трлн теңге,  
**-0.1% (a/a)**

Халыққа тиесілі депозиттер 20 млрд теңгеге қысқарды (-0.1%)


Көптеген өңірлерде депозиттердің өскендігі байқалады, алайда Алматы халқына тиесілі салымдар айтарлықтай қысқарды (-105.3 млрд теңге), бұл салымдардың жиынтық түрде қысқаруына әсер етті



# Халыққа тиесілі кредиттер/депозиттер

Қазақстан (23.01.03): 87%, +2 п.т. (а/а)


Оңтүстік өңірлерде әлі де ақша жинаудан көрі тұтынушылық көңіл-күй басым болып тұр. Депозиттер көлемі қысқарса да несие берудің өсуі бірнеше өңірлерде көрсеткіштердің нашарлауына әкеп соқты




# Кәсіпорындар

2023 жылдың қаңтарына қарай тіркелген кәсіпорындар

## Өңірлер бойынша



## Экономикалық қызмет түрлері бойынша




Тіркелгені – 510 797 (+0.5% а/а)

Жұмыс істеп тұрғандар – 410 744 (+0.8% а/а)

Жұмыс істеп тұрғандардың үлесі - 80% (бір жыл ішінде +6 п.т.)

# Жылжымайтын мүлік нарығы


Тұрғын үйлерді пайдалануға беру, млн м2



**Жылжымайтын мүлік нарығындағы тыныштық:**

- тұрғын үйлерді енгізу көлемінің азаюы
- құрылыс бағасының қымбаттауы
- тұрғын үй бағасының да қымбаттауы
- жылжымайтын мүліктерді сатып алу-сату мәмілесінің қысқаруы

Средние цены и сделки на рынке жилья, тыс. тг/м<sup>2</sup>



Ипотечный кредит беру бойынша жаңа жеңілдікті бағдарламалардың тиімділігі:

- сұраныс белсенділігінің өсуі
- тұрғын үй бағасының одан әрі қымбаттауы

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат. [analytics@jusan.kz](mailto:analytics@jusan.kz)